

Нұранова Р.К.
**Кеден ісін жетілдірудегі
кеден өкілінің ролі**

Бұл мақалада кеден ісін іске асыруға кеден өкілдерінің институтының ролі мен дамуына арналған. Автор ғалымдардың еңбектерінің және өзінің ғылыми ізденісі негізінде кеден өкілдігінің құқықтық реттелуінің кейбір аспектілерін зерттеген. Зерттелген осы мәселенің негізінде автор, талдама беру актілерінде кеден өкілдігінің ролін анықтауды ұсынады.

Түйін сөздер: кеден өкілдігі, декларация, лицензия.

Nuranova R. K.
**The role of the customs
representative in the
improvement of customs**

This article is devoted to the role and development of the Institute of customs representatives in the implementation of customs RK. Written by studying the publications of scientists, as well as its own scientific research examines some aspects of legal regulation of customs representatives. On the basis of the consideration of this problem, the author proposes to define the role of customs representatives.

Key words: customs representative, declaration, license

Нұранова Р.К.
**Роль таможенного
представителя
в совершенствовании
таможенного дела**

Данная статья посвящена рассмотрению роли и развитию института таможенных представителей в реализации таможенных дел РК. Автор на основе изучения публикаций ученых, а также собственных научных изысканий рассматривает некоторые аспекты правового регулирования таможенных представителей. На основе рассмотрения данной проблемы автор предлагает определить роли таможенных представителей в совершенствовании таможенного дела.

Ключевые слова: таможенный представитель, декларация, лицензия.

КЕДЕН ІСІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ КЕДЕН ӨКІЛІНІҢ РОЛІ

Қазіргі кезде Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік дамуы мен шетелдік мемлекеттермен қарым-қатынастары, сыртқы сауданы жүзеге асыруды тиімді ұйымдастыруға әсер ететін факторларымен тығыз байланысты болып отыр. Мұнда кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарының қозғалысына байланысты туындайтын құқықтық қатынастарды реттеуде кеден органдары маңызды рол атқарады. Әрине айта кететін жәйт, кеден органдары сыртқы сауда қызметін мемлекеттік реттеуді, кеден қызметін жүзеге асыратын және осы салада қызмет көрсететін өзге субъектілерінің қатысуынсыз жүзеге асыруы мүмкін емес.

Кеден ісі саласында қызмет көрсететін және кеден қызметін жүзеге асыратын белгілі бір субъектілер тобы бар. Олар уақытша қоймалар мен кеден қоймаларының иелері, бажсыз сауда дүкенінің иелері, уәкілетті экономикалық операторлар, кеден тасымалдаушылары мен кеден өкілдері болып табылады. Аталғандардың арасынан сыртқы экономикалық қызметті сапалы және тиімді жүргізу тұрғысынан алып қарағанда, мамандандырылған қатысушылар тобы – кеден өкілдерін бөліп қарастыруға болады. Және ол кеден өкілдерінің сыртқы экономикалық қызметтің қатысушылары мен кеден органдарының арасындағы жалғыз мамандандырылған делдал екендігімен байланысты, сондай-ақ олар халықаралық сауданы мемлекеттік реттеудің барлық нысандарын біріктіреді.

Қазіргі таңда кедендік операциялардың сипаты мен күрделілігіне байланысты Қазақстанда кеден өкілдерінің санының тұрақты өсуі байқалады: 2011 жылы – 201, 2012 жылы – 360, 2013 жылы – 459, 2014 жылы – 510, [1] бұл мәліметтер тауарларды кедендік рәсіммен орналастыруға байланысты кедендік операциялар бойынша қызметтер көрсететін кеден ісі саласындағы кәсіби делдалдары үшін сұраныстың бар екендігін дәлелдейді. Кеден өкілдері кәсіби комиссиялар мен топтардың мүшесі ретінде заңнаманы әзірлеуге қатысады, кедендік ақпараттық технологиялар қолданып, кеден органдарымен өзара іс-қимыл жасап, декларанттарға және (сыртқы саудамен айналысатын) басқа да мүдделі тараптарға қызмет көрсетуді ұйымдастыратындығын атап өту маңызды. Алайда, зерттеу нәтижелері көрсеткеніндей қолданыстағы әкімшілік-құқықтық

механизм кеден өкілдерінің шетелдік әріптестерінен қарағанда тиімді әрекет етуге мүмкіндік бермейді. Оған себеп, кеден өкілдерінің қызметін жетілдіруге байланысты бірқатар әкімшілік-құқықтық тетіктердің тиімсіздігі болып отыр. Кеден өкілдерінің кеден ісі саласындағы қызметінің барлығы Кеден одағының Кеден кодексінің үшінші тарауында және Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы Кеден ісі туралы» кодексінің 5 тарауында анықталады. Жүктерді кедендік тазалаудан өткізуге байланысты бірқатар қызметтер, ҚР азаматтық заңнамалар ережелеріне негізделген, нақты әкімшілік сипаттағы құқықтық нормалармен регламенттелген. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасындағы «Кеден ісі туралы» кодексінің ережелеріне сәйкес, уақытша қоймалар мен кеден қоймаларының иелерінің, бажсыз сауда дүкенінің иелерінің, уәкілетті экономикалық операторлары, кеден тасымалдаушылары мен кеден өкілдерінің заңды тұлғалары, Кеден өкілдерінің тізіліміне, Уақытша қоймалар мен кеден қоймаларының иелерінің тізіліміне, Бажсыз сауда дүкенінің иелерінің тізіліміне, Уәкілетті экономикалық операторлары тізіліміне, Кеден тасымалдаушылары тізіліміне енгізілгеннен кейін қызметпен айналысуға мүмкіндік алады. Келтірілген құқықтық нормадан, кеден ісі саласындағы қызметті тек қана заңды тұлғалар көрсете алатындығын көреміз. Тұлғалардың Тізілімін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кіріс комитеті жүргізеді. Заңды тұлғаны кеден ісі саласындағы қызметті жүзеге асырушы тұлғалар тізіліміне енгізілу тәртібі ҚР Кеден ісі туралы кодексінің 26, 34, 41, 48, 55, 64 баптарымен бекітілген. Тұлғаларды тізілімге енгізу үшін ақы алынбайды. Кеден ісі туралы кодекстің 25 бабына сәйкес, кеден өкілі деп – Кодекстің 26-бабында айқындалған талаптарға сай келетін Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы кеден өкілі болып табылады, яғни кеден саласы бойынша уәкілетті органда Кеден өкілі тізіліміне енгізілген заңды тұлға.

Заңды тұлға кеден өкілдерінің тізіліміне енгізілгеннен кейін кеден өкілі болып танылады. Кеден өкілі декларанттың немесе өзге де мүдделі тұлғалардың атынан немесе тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының аумағында Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кедендік операциялар жасайды. Кеден өкілдерінің декларанттармен немесе өзге де мүдделі

тұлғалармен қарым-қатынасы шарт негізінде құрылады. Кеден өкілдерінің тізіліміндегі ақпарат, сондай-ақ аталған тұлғаларды тізілімнен шығару туралы деректер кеден ісі саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады. Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган ай сайын әр айдың бесінші күнінен кешіктірмей, көрсетілген интернет-ресурсқа жаңартылған тізілімді орналастыруды қамтамасыз етеді.

Кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу үшін заңды тұлға мынадай шарттарға сәйкес келуге тиіс: 1) біліктілік аттестаты бар, кедендік декларациялау жөніндегі кемінде екі маманның болуы қажет; 2) өкілдік берілетін тұлғалардың мүлкіне зиян келтіру немесе осы тұлғалармен шарттарды бұзу салдарынан басталуы мүмкін азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының болуы қажет. Сақтандыру сомасының мөлшері шартта белгіленеді; 3) осындай қамтамасыз етуді ұсынған күнгі Қазақстан Республикасының салық кодексінде сәйкес белгіленген валюта айырбастаудың нарықтық бағамын қолдана отырып, кемінде бір миллион евроға баламалы сомаға кедендік баждардың, салықтардың төленуін қамтамасыз етуді ұсынуы қажет; 4) электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесін пайдалану туралы шарттың (келісімнің) болуы қажет.

Кеден өкілі кеден ісі саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен кеден органдарына есептілікті, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, ұсынуға міндетті.

Кеден өкілінің кеден органдарының алдындағы міндеттері өкілдік беретін тұлғамен жасалған шартпен шектелмейді. Міндеттер барлық кеден өкілі үшін бірдей болып табылады. Жекелеген кеден өкілдері үшін айрықша (эсклюзивтік) құқықтар және жеке-дара сипаттағы өзге де артықшылықтар беруге тыйым салынады. Кеден өкілі кеден өкілдерінің тізіліміне енгізілген кезде өзі мәлімдеген мәліметтердің өзгергені туралы кеден ісі саласындағы уәкілетті органды мұндай мәліметтер өзгерген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндетті. Кедендік операцияларды жасау кезінде кеден өкілі, мұндай міндетті орындау: 1) тауарлар шығарылғаннан кейін тауарлар орналастырылған кедендік рәсімдердің талаптары мен шарттарын сақтауға; 2) тауарларды пайдалану және (немесе) оларға билік ету бойынша шектеулермен ұштасқан, кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі жеңілдіктерді пайдалана отырып, ішкі тұтыну үшін шығару ке-

дендік рәсімімен орналастырылған тауарларды пайдалануға және (немесе) оларға билік етуге, сондай-ақ тауарлар шығарылғаннан кейін орындалуы кедендік баждарды, салықтарды төлеу және есепке жатқызу әдісімен қосылған құн салығын төлеу бойынша жеңілдіктерді берудің міндетті шарты болып табылатын өзге де шарттарды орындауға; 3) декларанттан не мүдделі тұлғадан алынған, солардың негізінде кедендік декларация берілген көрінеу анық емес (жалған) мәліметтерді және (немесе) қолдан жасалған құжаттарды пайдалануға байланысты жағдайларды қоспағанда, кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі ортақ міндетті кедендік баждарды, салықтарды төлеушімен бірге көтереді.

Кеден өкілі мен сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың арасындағы барлық қатынастар тек қана жазбаша нысанда, тараптардың шартқа қол қоюларымен рәсімделеді. Осы шарттың негізінде тараптардың арасындағы қызмет көрсету көлемі мен мерзіміне қатысты барлық өзара құқықтық қатынастар реттелінеді. Шартқа қол қойылғаннан кейін кеден өкілінің қызметі жүкті рәсімдеу мен тапсырма берушінің мүддесін кеден органдарында қорғау болып табылады. Осы жерде айта кететін жағдай, кеден өкілінің бір жағынан өзіне тапсырма беруші тұлғаның мүддесін қорғауы, екінші жағынан кеден органдарына тәуелді болуы. Өйткені

оларды кеден өкілі тізіліміне енгізу мен одан бас тартуды кеден органдары жүзеге асырады. Мұндай жағдай, біздің пікірімізше сыбайлас жемқорлыққа жол беруге жағдай жасауы мүмкін. Жоғарыда айтылғандардан қорытынды шығаратын болсақ, кеден өкілі – кездейсоқ тұлға емес, ол кеден органдарымен қатал талап қойылатын беделді ұйым. Мұндай ұйымдар кедендік рәсімдеуге байланысты міндеттерді атқарып қана қоймай, кеден төлемдерінің уақытында төленуіне байланысты жауапкершілікті алатын, сондай-ақ өз клиентінің алдында да жауапты болатын және оны белгілі бір құқықбұзушылықтарды жасаудан сақтандыратын тұлға болып табылады.

Делдалдық құрылым, яғни кеден өкілдігі, тауарды тасымалдау мен жеткізу тізбегі логистикасын дамытуда ерекше рөл атқарады, өйткені кедендік операцияларды жылдамдығына айтарлықтай әсер етеді және сапасын арттырады. Олардың жұмыс сапасын жақсартуға бағытталған ең ашық және қарапайым, әкімшілік және құқықтық тетік құру, кеден құқықтық-қатынастардың қатысушыларының шығынын азайту және еліміздің бюджетіне кедендік кірістерді жинауға және кеден айналасындағы инфрақұрылымның дамуына ықпал етеді. Осы шаралардың барлығы өз кезегінде халықаралық сауданың дамуына жағдай жасайтындығы сөзсіз.

Әдебиеттер

- 1 Сайт Ассоциации таможенных брокеров Республики Казахстан: [Электрон. ресурс]. Режим доступа: World Wide Web. URL: <http://kacb.kz>
- 2 Шерстобитов В. Ю. Административно-правовой аспект саморегулирования деятельности таможенных представителей // Вестник Российской таможенной академии. – 2013. – № 2. – С. 92-98.
- 3 Кошкараров Е.А. Саморегулирование таможенных представителей – движение вперед// Электронный ресурс: 2013.
- 4 Таможенный кодекс Таможенного союза (приложение к Договору о Таможенном кодексе Таможенного союза, принятому Решением Межгосударственного Совета ЕврАзЭС на уровне глав государств от 27. 11. 2009 № 17) // СЗ РФ. – 2010. – № 50. – Ст. 6615.

References

- 1 Sajt Asociacii tamozhennyh brokerov Respubliki Kazahstan: [Jelektron. resurs]. Rezhim dostupa: World Wide Web. URL: <http://kacb.kz>
- 2 Sherstobitov V. Ju. Administrativno-pravovoj aspekt samoregulirovanija dejatel'nosti tamozhennyh predstavitelej // Vestnik Rossijskoj tamozhennoj akademii. – 2013. – № 2. – S. 92-98.
- 3 E. A. Koshkarov Samoregulirovanie tamozhennyh predstavitelej – dvizhenie vpered// Jelektronnyj resurs: 2013.
- 4 Tamozhennyj kodeks Tamozhennogo sojuza (prilozhenie k Dogovoru o Tamozhennom kodekse Tamozhennogo sojuza, prinjatomu Resheniem Mezghosudarstvennogo Soveta EvrAzJeS na urovne glav gosudarstv ot 27. 11. 2009 № 17) // SZ RF. – 2010. – № 50. – St. 6615.